

"Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жол-құрылыс техникасын сатып алуы жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 желтоқсан N 1818

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 Р981389_ қаулысымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және іске асыру ережесі талаптарына сәйкес Кәсіпорынның жол-құрылыс техникасын сатып алу инвестициялық жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін экономикалық сараптама жасау үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне табыс е т с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

тартылып отырған мемлекеттік емес қарыз бойынша міндеттемелерді Кәсіпорынның орындауын қамтамасыз ету ретінде несиегерге "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z990473_ 1999 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шегінде жалпы сомасы 5 000 000 (бес миллион) АҚШ доллары көлемінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін;
көрсетілген мемлекеттік кепілдіктің берілуіне байланысты туындайтын

міндеттемелерді қамтамасыз ету туралы Кәсіпорынмен тиісті келісім жасассын.

3. Кәсіпорын мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен.

Р 0 0 1 9 6 3 _

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.